

"Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 147 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін;

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып штат санының лимиттерінде:

1) реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

5.	Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер министрлігі, оның ведомстволарын қоса алғанда, оның ішінде:	1052
	шетелдердегі мекемелер	685

»;

2) реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын;

«

5.	Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер министрлігі, оның ведомстволарын қоса алғанда, оның ішінде:	1054
	шетелдердегі мекемелер	687

»;

3) реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

5.	Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер министрлігі, оның ведомстволарын қоса алғанда, оның ішінде:	1060
	шетелдердегі мекемелер	693

»;

4) реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

5.	Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер министрлігі, оның ведомстволарын қоса алғанда, оның ішінде:	1093
	шетелдердегі мекемелер	726

»;

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі. № 1232 қаулысы;

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі. № 279 қаулысы.

3. Осы қаулы 1-тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларын қоспағанда, 2010 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі. 1-тармақтың 2) тармақшасы және 2-тармақтың 1) тармақшасы 2010 жылғы 23 қарашадан бастап, 1-тармақтың 3) тармақшасы және 2-тармақтың 2) тармақшасы 2011 жылғы 28 наурыздан бастап, 1-тармақтың 4) тармақшасы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов